КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 9 сәуір №4394-25-00-4/181 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты құрамында:
төрағалық етуші судья З.Жарылқасынова,
сот отырысының хатшысы Н.Бисембаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша әкімшілік істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Конструктив LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАР:
«Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі, «Монитроинг Навигатор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
№13677338-1 конкурсы бойынша шағымды қарау нәтижесі бойынша 2025 жылғы 12 ақпандағы бас тарту әрекетіне дау айту

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Д.Жұбаназар
талап қоюшы өкілдері А.Таниркулов, Б.Асанов пен Ж.Тажмұхамедов
жауапкер өкілі Е.Калиниченко
мүдделі тұлғалардың өкілдері: А.Жусупов, М.Жумагельдиев, М.Мухсинов, .Талтусов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Жарылқасынова З. Т., 22.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – Ұйымдастырушы/Экономика және қаржы бөлімі) 2025 жылғы 17 қаңтарда №13677338-1 «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданындағы КТММ-8 «Аудандық маңызы бар автомобиль жолы КТММ-6 республикалық маңызы бар автобиль жолы А-21 «Мамлютка-Қостанай» - Воскресеновка-Боголюбово-Надежка» - Новомихайловка» аудандық маңызы бар автомобиль жолы 0-20 шқ орташа жөндеу» бойынша техникалық қадағалау қызметтерін мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жариялаған.

2025 жылғы 4 ақпандағы №13677338-ОК1 санды қорытынды хаттамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға талап қоюшымен қатар әлеуетті өнім берушілер «Мониторинг Навигатор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - ЖШС), «Политехника Стройсервис» ЖШС-ы, «Capital engineering KZ» ЖШС-ы, «ASTIC GROUP» ЖШС-ы, «Орда Услуг» ЖШС-ы, «ADIS Engineering» ЖШС-ы, «Феникс-ДорСтрой» ЖШС-ы, «UAK ENGINEERING» ЖШС-ы қатысып, конкурсқа қатысуға 1 әлеуетті өнім беруші «Мониторинг Навигатор» ЖШС-ы жіберілген.

Аталған конкурс қорытынды хаттамасымен конкурқа бір әлеуетті өнім беруші жіберілгендіктен конкурс өтпеді деп танылған.

Талап қоюшы қорытындылар туралы хаттамамен келіспей, 2025 жылғы 5 ақпанда ұйымдастырушы Экономика және қаржы бөліміне веб-портал арқылы шағым келтірген.

Экономика және қаржы бөлімі тарапынан 2025 жылғы 12 ақпандағы хатымен шағым қанағаттандырудан бас тартылған.

Талап қоюшы нақтыланған талап қоюында конкурстық комиссиясы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының талаптарын бұзуға жол беріп, «Конструктив LTD» ЖШС-нің аккредиттеу куәлігі бола тұра негізсіз конкурсқа жіберілмегенін, өйткені талап қоюшы өз өтініміне рұқсаттың бар екенін растап, аккредиттеу куәлігін тіркегенін, аталған куәлік аталған конкурста талап етілген рұқсат қағаз болып табылатынын көрсеткен. Осыған байланысты жауапкердің 2025 жылғы 12 ақпандағы хатымен шағымын қанағаттандырудан бас тартуын заңсыз деп тануды және конкурс хаттамасының талап қоюшыға қатысты бөлігін заңсыз деп танып, күшін жоюды сұраған. Сонымен қатар талап қоюшының өтінімін қайта қарауды міндеттеуді сұраған.

Соттың 2025 жылғы 9 сәуірдегі ұйғарымымен талап қоюдың №№13678227-1, 13678202-1, 13677383-1, 13677373-1 конкурстары бойынша дау айту бөлігінде талабы қайтарылған.

Жауапкер Экономика және қаржы бөлімі қарсы пікірінде талап қоюмен келіспейтінін, себебі конкурс бойыша сатып алулардың мәні

Құжатқа қол қойылған: Жарылкасынова З. Т., 22.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

автомобиль жолдарын жөндеу бойынша қадағалау қызметі болып табылатынын, сондықтан әлеуетті өнім берушілердің Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсатымен расталатынын көрсеткен. Осыған байланысты конкурстық комиссиясы «Конструктив LTD» ЖШС-мен ұсынылған аккредиттеу туралы куәлігі конкурстық құжаттамаға 12-қосымшасымен талап етілген құжатқа сәйкес келмеуіне байланысты конкурсқа қатыстырылмағанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімі Е.Степаненко талап қою бойынша уәжді ұстанымында талап қоюшының құжаттары осы конкурс бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейтінін, талап қоюшымен ұсынылған аккредиттеу туралы куәлігі конкурстық құжаттағы 12-қосымшасына сәйкес келмейтінін көрсеткен. Бұдан басқа талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі - Қағида) 169-тармағына сәйкес конкурс құжаттамасының жобасын алдын ала талқылауға қатыспағанын, ол бойынша ескертулер жасамағанын көрсете отырып, талап қоюшының талабы қанағаттандырылуға жатпайтынын білдірген.

Мүдделі тұлға «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Тапсырыс беруш/ Автомобиль жолдары бөлімі) жауапкердің пікіріндегі уәждермен ұқсас уәждер келтіріп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Мүдделі тұлға «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Комитет) пікірінде «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 34-1-бабы 7-тармағына сәйкес тиісті жауапкершілік деңгейіндегі техникалық қадағалауды орындау жөніндегі аттестатқа ие, құрамында кемінде үш сарапшысы бар аккредиттелген заңды тұлғалар бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық жағынан күрделі объектілерге техникалық қадағалауды жүргізуге тиіс екенін, техникалық қадағалау сарапшысының аттестаты бар жеке тұлғалар қызметін екінші және үшінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық жағынан күрделі емес объектілерде жүзеге асыратынын көрсеткен. Аталған заңмен автокөлік жолдарының орташа жөндеу

Құжатқа қол қойылған: Жарылкасынова З. Т., 22.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

бойынша техникалық қадағалау қызметі реттелмегенін, «Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 15-бабы 2-тармағына сәйкес автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде авторлық қадағалауды – жобалау құжаттамасын әзірлеуші, өндірістік қадағалауды – жұмыстарды орындаушы және автомобиль жолдарын салуды, реконструкциялауды, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуді техникалық қадағалауды – тапсырыс беруші өз бетінше не ұйымдар мен тиісті аттестаты бар сарапшыларды тарту арқылы жүзеге асыратынын көрсеткен.

Қалған мүдделі тұлғалардан сотқа пікір түспеген.

Талап қоюшы өкілдері А.Таниркулов, Б.Асанов және Ж.Тажмұхамедов талап қоюда көрсетілген уәждерін қолдап, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі Е.Калиниченко қарсы пікірдегі уәждерін қолдап, «Монитроинг Навигатор» ЖШС-мен конкурстық құжаттамасына техникалық қалағалаушының аттестаты тіркеліп ұсынылғанын, не себепті бұл құжаттың мемлекеттік сатып алу веб-порталынан көрінбей тұрғаны беймәлім екенін, бұл мән-жайды анықтау мақсатында «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі - АҚ) жүгінгенін көрсете отырып, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Мүдделі тұлға Автомобиль жолдары бөлімінің өкілі А.Жусупов талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Мүдделі тұлға Комитет өкілі М.Жумагельдиев шешім қабылдауды сот құзырына қалдыратынын көрсеткен.

Мүдделі тұлға «Монитроинг Навигатор» ЖШС-нің директоры М.Мухсинов конкурстық құжаттамамен біліктілік талаптары дұрыс белгіленбегенін, конкурс қайта өткізілуге жататынын көрсеткен.

Мүдделі тұлға «Электрондық қаржы орталығы» АҚ-ның өкілі Е.Талтусов шешім қабылдауды сот құзырына қалдыратынын көрсетті.

Прокурор талап қоюды қанағаттандырудан бас тарту туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Талап қоюшы сотқа Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 132-бабының талабына сай дау айту туралы талап қоюмен жүгініп, мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамасына келтірілген шағымды қарау нәтижелері бойынша жауапкердің 2025 жылғы 12 ақпандағы хатпен бас тартуы оның құқықтары мен мүдделерін шектейтінін көрсеткен.

Құжатқа қол қойылған: Жарылкасынова З. Т., 22.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Аталған талап қою жария-құқықтық қатынастардан туындауына орай, әкімшілік іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

ӘРПК-нің 5-бабына сәйкес әкімшілік рәсімдердің міндеттерінің бірі жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту болып табылады.

ӘРПК-нің 9-бабының 1-бөлігіне сай әркім бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

ӘРПК-нің 116-бабына сәйкес талап қоюдың нысанасын айқындау кезінде сот талап қою талаптарының тұжырымдамасымен, талап қою мәтінімен және оған қоса берілген немесе кейін ұсынылған құжаттармен байланысты болмайды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Мемлекеттік сатып алу туралы Заңы) 25-бабының 3-тармағына сәйкес тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылдаған шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа шағым жасалуы мүмкін.

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңның (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалап туралы заң) 29-бабының 3-тармағының 7)тармақшасында лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынатыны бекітілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі - Қағида) 50-тармағына сай айналысуы үшін рұқсат алу, хабарлама жіберу қажет болатын қызмет түрлерін жүзеге асыратын әлеуетті өнім берушінің құқық қабілеттілігі Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы расталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 709 бұйрығымен бекітілген Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша техникалық қадағалау және сараптама жұмыстары жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидалар мен рұқсат беру талаптарының 13-тармағының 1), 2 тармақшаларына сәйкес

Құжатқа қол қойылған: Жарылкасынова З. Т., 22.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

аккредиттеуден өту және растау үшін өтініш берушілер мынадай рұқсат беру талаптарына сәйкес келеді:

1) Техникалық және технологиялық жағынан күрделі бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерде техникалық қадағалауды жүзеге асыру үшін:

өз құрамында тұрақты негізде бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерде, оның ішінде мамандандырулар бойынша техникалық қадағалауды жүзеге асыратын кемінде үш аттестатталған сарапшы болу:

жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша-тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде (кемінде бір сарапшы));

бірінші деңгейдегі жауапкершілік объектілері бойынша-инженерлік желілер бөлігінде (бір сарапшыдан кем емес));

жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша-технологиялық жабдықтар бөлігінде (кемінде бір сарапшы));

меншік құқығында немесе тартылған (шарт негізінде) аккредиттелген зертхананың болуы;

материалдық-техникалық жарақтандырылуы, оның ішінде жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті өлшеу және бақылау құралдары болуы;

жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті нормативтік құжаттамасының болуы;

2) Техникалық және технологиялық жағынан күрделі Екінші деңгейдегі объектілерде техникалық қадағалауды жүзеге асыру үшін:

өз құрамында тұрақты негізде жауапкершіліктің екінші және үшінші деңгейлеріндегі объектілерде, оның ішінде мамандандырулар бойынша техникалық қадағалауды жүзеге асыратын кемінде үш аттестатталған сарапшы болуы:

екінші және үшінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша-тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде (кемінде бір сарапшы));

екінші және үшінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша-инженерлік желілер бөлігінде (кемінде бір сарапшы));

жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша-технологиялық жабдықтар бөлігінде (кемінде бір сарапшы));

меншік құқығында немесе тартылған (шарт негізінде) аккредиттелген зертхананың болуы;

материалдық-техникалық жарақтандырылуы, оның ішінде жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті өлшеу және бақылау құралдары болуы;

Құжатқа қол қойылған: Жарылкасынова З. Т., 22.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті нормативтік құжаттамасының болуы.

Сотта анықталғандай, талап қоюшы «Конструктив LTD» ЖШС-ы, конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасында біліктілік туралы мәліметтерінде екінші деңгейдегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерде техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді көрсетуді жүзеге асыратын ұйым ретінде аккредиттеу туралы 2023 жылғы 29 сәуірдегі №KZ79VWC00159708 куәлігін ұсынған.

Осы сияқты әлеуетті өнім берушілер «Мониторинг Навигатор» ЖШС-ы бірінші деңгейдегі 2024 жылғы 19 желтоқсандағы №KZ74VWC0023778, «Политехника Стройсервис» ЖШС-ы бірінші деңгейдегі 2023 жылғы 1 тамыздағы №KZ95VWC00172418, «Capital engineering KZ» ЖШС-ы бірінші деңгейдегі 2023 жылғы 22 ақпандағы №KZ58VWC00141171, «ASTIC GROUP» ЖШС-ы бірінші деңгейдегі 2024 жылғы 20 ақпандағы №KZ72VWC00199313, «Орда Услуг» ЖШС-ы бірінші деңгейдегі 2024 жылғы 4 наурыздағы №KZ83VWC00199503, «ADIS Engineering» ЖШС-ы бірінші деңгейдегі 2023 жылғы 17 қарашадағы №KZ15VWC00191706, «UAK ENGINEERING» ЖШС-ы екінші деңгейдегі 2023 жылғы 12 қыркүйектегі №KZ24VWC00174375 аккредиттеу туралы куәліктерін ұсынған.

Конкурстық комиссиясы конкурстық құжаттамаға 8-қосымшасымен «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығана сарапшының аттестаты» құжатын талап еткен.

Өз кезегінде конкурстық комиссиясы «Мониторинг Навигатор» ЖШС-ның рұқсатының бар екенін аккредиттеу туралы куәлігімен қатар М.Мухсиновке 2024 жылғы 20 қарашада берілген №KZ14VJE00089670 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына сарапшының аттестатымен расталуы себепті оның өтінімін қабылдап, конкурсқа қатысуға жіберген.

Іс құжаттарына тіркелген «Электрондық қаржы орталығы» АҚ-ның 2025 жылғы 4 сәуірдегі №14/2603 хатымен ұсынылған «Мониторинг Навигатор» ЖШС-ның конкурстық құжаттамасының №12 қосымшасымен осы серіктестіктің бірінші деңгейдегі 2024 жылғы 19 желтоқсандағы №KZ74VWC0023778 аккредиттеу туралы куәлігінен басқа құжаттың ұсынылмағаны анықталды.

Бұған қоса Комитетпен ұсынылған 2025 жылғы 7 сәуірге дейінгі жағдай бойынша аккредиттелген ұйымдардың тізіліміне қарағанда

Құжатқа қол қойылған: Жарылқасынова З. Т., 22.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Мониторинг Навигатор» ЖШС-нің техникалық қадағалаушы мамандарының қатарында М.Мухсиновтың тіркелмегендігі анықталды.

Бұл ретте конкурстық комиссиясымен талап қоюшымен қатар жоғарыда көрсетілген әлеуетті өнім берушілер «Политехника Стройсервис» ЖШС-н, «Capital engineering KZ» ЖШС-н, «ASTIC GROUP» ЖШС-н, «Орда Услуг» ЖШС-н, «ADIS Engineering» ЖШС-н, «UAK ENGINEERING» ЖШС-н негізсіз конкурсқа қатысуға жібермеген деп санайды.

Өйткені аталған серіктестіктердің конкурстық құжаттамаларында Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңының 2-қосымшасының 347-3 тармағына сәйкес берілген аккредиттеу туралы куәліктерінің бар болуына қарамастан бұл заңды тұлғалар конкурсқа қатысуға жіберілмеген.

Өз кезегінде бұл заңды тұлғалардың есебінде бірнеше аттестатталған техникалық қадағалаушылардың тіркелгені жауапкердің назарынан тыс қалған.

Анықталған жағдайда, сот техникалық және технологиялық күрделі объектілерде техникалық қадағалау бойынша инженерлік қызметтерді көрсету бойынша аккредиттеу туралы куәліктерінің болуы конкурстық құжаттамамен талап етілетін рұқсаттың бар екенін растайды деген тұжырымға келеді.

Аталған мән-жайлар сотқа ұсынылған конкурстық құжаттарымен бекітіледі.

Сондықтан конкурстық комиссиясының әлеуетті өнім беруші «Конструктив LTD» ЖШС-нің өтініміне рұқсат бермеуін сот негізсіз деп санайды.

ӘРПК-нің 79-бабының талабы бойынша әкімшілік акт заңды және негізделген болуға тиіс.

ӘРПК-нің 129-бабының 2-бөлігінің 1)тармақшасына сай дау айту жөніндегі талап қою бойынша дәлелдеу ауыртпалығын ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні қабылдаған жауапкер көтереді және де 3-бөлігіне сай жауапкер әкімшілік актіде аталған негіздемелерге ғана сілтеме жасай алады.

Алайда жауапкер тарапынан ауыртпалық түсіретін 2025 жылғы 12 ақпандағы хатымен талап қоюшының шағымын қанағаттандырудан бас тартылуының заңдылығын растайтын дәлелдемелер сотқа ұсынылған жоқ.

Бұл тұрғыда сот жауапкердің талап қоюшымен ұсынылған аккредиттеу туралы куәлігінің рұқсаттың болуын растайтын құжат болып табылмайды деген уәждерін негізсіз деп санайды.

Құжатқа қол қойылған: Жарылқасынова З. Т., 22.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Себебі, конкурстың заң талабына сәйкес қорытынды хаттамаларының түзілуі тиіс уақытта, «Конструктив LTD» ЖШС-нің конкурстық құжаттары талапқа сәйкес ұсынылған деп сот санайды.

Қорытындылай келе және ӘРПК-нің әділдік, мөлшерлестік, құқықтар басымдығының қағидаттарын басшылыққа алып, сот талапты қанағаттандыру туралы шешім қабылдауды дұрыс деп санайды.

ӘРПК-нің 155-бабының 3-бөлігіне сәйкес әкімшілік актіні заңсыз деп тану, оның күшін жоюға, сондай-ақ одан туындайтын барлық заңды салдарлардың күшін жоюға алып келеді.

Мұндай жағдайда жауапкердің 2025 жылғы 4 ақпандағы №13677338-1 конкурс қорытындылары туралы хаттамасы заңсыз деп танылып, күші жойылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Кодексінің 108-бабының 1-тармағының 1)тармақшасына, 4-тармағының талабына сәйкес жергілікті бюджеттен төленген мемлекеттік баж 19660 теңге және артық төленген мемлекеттік баж 39320 теңге талап қоюшыға қайтарылуы тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ӘРПК-нің 155-156, 161, 168-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Конструктив LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне дау айту туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің №13677338-1 конкурсы бойынша «Конструктив LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің шағымын қарау нәтижесі бойынша 2025 жылғы 12 ақпандағы бас тарту әрекеті заңсыз деп танылсын.

Жауапкер «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 4 ақпандағы №13677338-1 конкурс қорытындылары туралы хаттамасы заңсыз деп танылып, күші жойылсын.

Жауапкер сот шешімі орындалғаны туралы шешім заңды күшіне енген күннен бастап 1 (бір) ай мерзім ішінде сотқа хабарлау міндеттелсін.

Құжатқа қол қойылған: Жарылкасынова З. Т., 22.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шешімді процестік мерзім ішінде орындамаған жағдайда ӘРПК-нің 127-бабына сәйкес елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алу қолданылатыны ескертілсін.

Талап қоюшы «Конструктив LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жергілікті бюджеттен 19660 (он тоғыз мың алты жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажы және артық төленген 39320 (отыз тоғыз мың үш жүз жиырма) теңге мемлекеттік бажы қайтарылсын.

Әкімшілік процеске қатысушылар шешім шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты арқылы Қызылорда облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **З.Т.Жарылқасынова**

Құжатқа қол қойылған: Жарылқасынова З. Т., 22.04.2025